

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен тартылған мемлекеттік емес қарызды қайта құрылымдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 наурыздағы N 349 қаулысы

"Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 тамыздағы Заңының 25-1-бабына сәйкес және "Атырау мұнай өңдеу зауытын қайта жаңарту" жобасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамы "Атырау мұнай өңдеу зауытын қайта жаңарту" жобасын іске асыру үшін тартқан Жапон Халықаралық Ынтымақтастық Банкінің (бұдан әрі - Кредитор) мемлекет кепілдік берген қарызын қарыздың сомасын 24797963750 (жиырма төрт миллиард жеті жүз тоқсан жеті миллион тоғыз жүз алпыс үш мың жеті жүз елу) иенадан 23817652758 (жиырма үш миллиард сегіз жүз он жеті миллион алты жүз елу екі мың жеті жүз елу сегіз) иенаға дейін азайту, кредит берудің соңғы мерзімін 2005 жылғы 30 сәуірден 2006 жылғы 30 маусымға дейін ұзарту және 2006 жылғы 11 маусымнан 2015 жылғы 11 желтоқсанға дейінгі кезеңге кредитті өтеу мерзімін белгілеу жолымен қайта құрылымдауды жүргізу мақұлданын.

2. "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамына Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша Кредитормен қайта құрылымдауды жүргізу үшін қажетті құжаттардың ресімделуін қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 23817652758 (жиырма үш миллиард сегіз жүз он жеті миллион алты жүз елу екі мың жеті жүз елу сегіз) иена сомасына Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін растасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Г.А.Марченкоға жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі